



№31 (6167) 2 тамыз 2025 ЖЫЛ

TAN SAQSHYSY

ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНІҢ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ



САЙЫС

ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ СПОРТ

ШЕКАРАДА МЫҚТЫ — АЛАҢДА ЖЕҢІМПАЗ: ҚАРАБАЛЫҚТА ШЕКАРАШЫЛАРДЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СПАРТАКИАДАСЫ ӨТТІ



Ағымдағы жылдың 18-20 шілдесі күндері Қостанай облысының Қарабалық ауданында ҚР ҰҚК Шекара қызметінің әскери қызметшілері арасында республикалық спартакиада өтті. Елдің түкпір-түкпірінен жиналған 21 командадан құралған 400-ден астам қатысушы үш күн бойы күш пен рухтың, ұйымшылдық пен отаншылдықтың үлгісін көрсетті.

Қарабалық аудандық стадионында өткен салтанатты ашылу рәсімінде ҚР ҰҚК Төрағасының орынбасары – Шекара қызметінің директоры генерал-майор Ерлан Ерғалиұлы Алдажұманов, Қостанай облысы әкімінің орынбасары Берік Қуанышұлы Таңжарықов, Шекара қызметі Қостанай облысы бойынша департаментінің бастығы полковник Алмат Мүтигуллаұлы Жаржанов және аудан әкімі Руслан Болатұлы Халықов қатысушыларды құттықтады.

Мемлекеттік Ту мен жарыс туының көтерілуімен басталған бұл іс-шара әскери рух пен спорттық қарқынның шынайы көрінісіне айналды.

Қатысушылар қазақша күрес, қол күрес, қызметтік ұшсайыс, қызметтік биатлон, мини-футбол, волейбол және үстел теннисінен бақ сынасты. Әсіресе «Мағнай» шекара бөлімшесінде өткен қызметтік жарыстар шынайы әскери жаттығуға ұқсас жағдайда ұйымдас-тырылып, қатысушылардың кәсіби шеберлігі сынға түсті.

Спартакиадаға еліміздің барлық өңірінен келген 21 команда қатысты. Олардың қатарында облыстық департаменттермен бірге «Астана», «Алматы»,

(Жалғасы 7-бетте)



ШЕКАРА
ШЕБІНДЕГІ
БАСҚҰНШЫ

2



ОРМАНМЕН
ҮНДЕСКЕН
ШЕКАРА ШЕБІ

5



РАБОТА ПО
ЗОВУ ДУШИ

8

ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ БАСҚҰНШЫ

Жетісу облысының табиғаты көркем, шежіресі бай Панфилов ауданында таудың етегінде қоныстанған бір ауыл бар. Ол – Басқұншы ауылы. Аты да әдемі, тарихы да бай ауыл өзгелерден ерекше. Басқұншы – қарапайым ғана ауыл емес. Ол – Отан қауіпсіздігін қырағы күзетіп келе жатқан шекара бөлімшесінің де мекені.

Ауыл тарихы тереңде жатыр. 1888 жылы бұл өңірде қазақтардың қоныстануымен Николаевский (Баш-кунчан) атауымен алғашқы елді мекен құрылған. Кейіннен бұл атау «Басқұншы» болып өзгертіліп, халық арасында «басқыншыларға қарсы тұрған мекен» деген мағынамен айтылып жүр. Расымен де, бұл атауда ерлік пен ел қорғаған рухтың сарыны бар.

Бүгінде теңіз деңгейінен 1058 метр биіктікте орналасқан ауылда үш мыңға жуық халық өмір сүреді. Олардың көпшілігі қазақ ұлтының өкілдері – Суан, Дуан, Мырзакелді сияқты Ұлы жүздің абыройлы аталарының ұрпақтары. Сонымен қатар ауылда орыс, ұйғыр және өзге ұлт өкілдері де тату-тәтті өмір сүруде. Табиғаты жайнаған, алма бағы жайқалған өлке – нағыз туған жерге деген махаббатты оятатын киелі мекен. Ауылдың импорт алмасы мен табиғаты тіпті алыстағы Швейцариямен салыстырылатыны бекер емес.

Басқұншы – тек табиғатымен ғана емес, елге қызмет еткен перзенттерімен де мақтана алады. Бұл ауылдан Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, прокуратура, Қорғаныс министрлігі секілді мемлекеттік құрылымдарда қызмет етіп жүрген екі жүзге жуық офицер шыққан. Олардың әрқайсысы туған топырақтың абыройын арттырып жүр.

Басқұншы ауылының тыныштығы мен шекара шебінің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп келе жатқан – «Басқұншы» шекара бөлімшесі. Бөлімше алғаш рет 1934 жылы шекаралық бекет ретінде құрылып, 1974 жылдан бастап шекара заставасы, кейінірек шекара бөлімшесі болып қайта құрылды. Көрші елмен арадағы бірнеше шақырымдық шекараны күзету – осы бөлімшенің басты міндеті.

Бүгінде бөлімшенің сарбаздары тек әскери міндетін атқарумен шектелмей, ауылдың мәдени, қоғамдық өміріне де белсене

араласады. Мәселен, Ұлы Отан соғысына қатысқан ауыл тұрғындарына арналған ескерткіштің тұрғызылуына қаржылай және іс жүзінде көмектескен де осы бөлімшенің шекарашылары. Мереке сайын әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға көмек көрсетіп, мектеп оқушыларына да жанашырлық танытып келеді. Мысалы, төрт оқушыға мектеп формасы мен кеңсе тауарлары тарту етілді. Осындай шаралар арқылы шекарашылар мен ауыл халқының арасындағы байланыс нығайып, елдің бірлігін арттыра түсуде.

«Шекарашының жас досы» үйірмесі – бөлімшенің тағы бір мақтанышы. Үйірмеге Крылов атындағы орта мектептің жоғары сынып оқушылары қатысады. Жалпы саны елу шақты оқушыны қамтитын бұл бастама – жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуде.

Шекара режимін қырағы күзету де бөлімшенің назарындағы өзекті мәселелердің бірі. Осы жылдың алғашқы жартысында – жиырмаға жуық азамат ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 514-бабы бойынша жауапкершілікке тартылған. Бұл – шекараның бақылауда екенінің бір дәлелі.

Соңғы маңызды оқиғалардың бірі – 2024 жылдың 6 қарашасында орын алған жағдай. «Дабыл тобының» шекара наряды құрамында қызмет атқарған лейтенант М.Манасов, кіші сержант Р.Дүкембаев, ефрейторлар Д.Жанахметов пен Т.Бакиев, сондай-ақ қатардағы жауынгер Д.Зайтақан көрші елмен екі ортадағы мемлекеттік шекараны заңсыз бұзып өтпек болған бір азаматты ұстаған. Бұл оқиға – шекарашылардың кәсібилігі мен қырағылығының нақты дәлелі.

Басқұншы шекара бөлімшесінің бүгінгі жетістігі – оның басшылық құрамының жүйелі жұмысы мен әскери тәртіптің беріктігінің нәтижесі. 2002 жылдан бері оннан астам офицерлер бұл бөлімшеге басшылық еткен. Олардың әрқайсысы шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуде өзіндік үлес қосып, бөлім-



шенің дамуына қызмет етті. Қазіргі кезде капитан Ернат Беріков басшылық етіп келеді.

Басқұншы – өткеннің тарихы мен бүгінгі қажырлы еңбектің тоғысқан мекені. Бұл ауыл мен шекара бөлімшесі – еліміздің тыныштығы мен шекара тұтастығын қорғап тұрған рухани тірек. Жердің көркі табиғат болса, елдің көркі – оны қорғайтын жауынгер. Ал Басқұншыда табиғат та бар, оны қорғайтын ел қорғаны – шекарашы да бар.

Осынау киелі мекеннің әрбір сай-саласы, әрбір көшесі батырлық пен елжандылықтың

үнсіз куәсіндей. Шекара шебінде сап түзеген жауынгерлер – ел іргесінің мызғымауына қалқан болған ар-намыстың, парыздың көрінісі. Басқұншы – шекарадағы өмір мен ел алдындағы адал қызметтің жарқын үлгісі.



**ҚР журналистер одағының мүшесі
подполковник
М.ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-ЧР». Сурет
шекара бөлімшесінен.**

ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ СЕНІМДІ ҚАЛҚАН

Түркістан облысы мен Өзбекстан арасындағы шекара сызығы – бұл жай ғана мемлекеттік межелік емес. Бұл – тәртіп пен тыныштықтың, қауіпсіздік пен егемендіктің нақты бейнесі. Осы шекаралық аумақтағы тыныш өмірдің көпірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Түркістан облысы бойынша департаментіне қарасты «Бағыс» шекара бөлімшесі.

«Бағыс» шекара бөлімшесі 2014 жылы құрылған. Содан бері бұл бөлімше Өзбекстан Республикасымен шектесетін 15 шақырымдық мемлекеттік шекараны қырағылықпен күзетіп келеді. Бұл аймақ – стратегиялық тұрғыдан маңызды, себебі екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастық шекарадағы тәртіптен басталады. Бағыс шекара бөлімшесі заманауи инженерлік құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Бұл – шекараны бұзу әрекеттеріне тосқауыл болатын берік бөгеттер. Шекара бөлімшесінде қызметтік иттер және қызметтік аттар қызмет атқарады. Тәулік бойы күзет пен бақылау жүргізетін шекарашылар – ел тыныштығының тірегі. Олар күннің аптабы мен түнгі суығына қарамастан, антына адал болып,

мемлекеттік шекараны көздің қарашығындай қорғайды.

Бағыс шекара бөлімшесінің жеке құрамы тек қызметпен ғана шектелмей, үздік із кесу бағытында да биік көрсеткіштерге жетіп отыр. 2024 жылы Түркістан облысы бойынша өткен «Үздік іздеу тобы» жарысында бөлімше бастығының орынбасары аға лейтенант Ермухан Абыханов «Үздік аға шекара наряды» атағын иеленді. Ал 2025 жылы осы жарыста аға нұсқаушы, кіші сержант Еркебұлан Ахмет 2-орынды жеңіп алып, бөлімшенің абыройын асқақтатты. Бұл – тәртіп пен шеберліктің, кәсіби дайындықтың айқын дәлелі.

Бөлімше жұмысының жүйелі жүруі – басқарушы құрамның кәсіби біліктілігімен тікелей байланысты. Бүгінде шекара бөлімшесінің тізгінін капитан Асхат

Серікұлы Каукенов ұстап отыр. Оның басшылығымен бөлімше тәртіп пен жауапкершілікті басты ұстаным етіп, үлгілі қызметтің озық үлгісін көрсетіп келеді.

«Бағыс» шекара бөлімшесі тек шекара шебінде қызмет ететін құрылым емес, ол – елдің тыныштығын қорғайтын темірдей тәртіптің тірегі. Бұл бөлімшенің әрбір сарбазы – Тәуелсіз Қазақстанның қауіпсіздігіне қалқан болған шынайы патриот. Елінің біртұтастығын күзетіп жүрген осындай шекарашыларымыз аман болсын!



**Майор
Р. АСАДИЛОВ,
«OS-ЧР». Сурет
шекара бөлімшесінен.**



«ҚЫЗЫЛ ҚАЙЫҢ ДІРІЛДЕЙДІ...»

Біз бүгін балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың ауылындамыз. Іргесінде «Қостөбе» шекара бөлімшесі бар. Бірақ біз мұнда шекарашыларға деп емес, өзінің артына «Менің атым Қожа», «Өлгендер қайтып келмейді», «Он алты жасар чемпион» атты тамаша дүниелер қалдырған қазақ классигінің ауылына барамыз. Бердібек ағаның балалық шағы өткен ауылдың көшесімен ары-бері «ойқтастап» жүреміз. «Үйлердің бірінен қаламгер шыға келе ме?» - деп елегізгітіміз де бар...



Негізі, қаламгердің «Он алты жасар чемпион» повесіндегі застава мен оның бастығы туралы жолдарды оқып отырып, еріксіз тамсанасың. Әсіресе шекарашылардың атпен шауып бара жатып, алмас жүзді қылыштарымен шыбықтарды қиып түсіретін жерлері қандай?.. Тек, сондағы застава бүгін жоқ. Оның орнына бүгінде заманауи үлгіде салынған шекара бөлімшесі тұр.

Бүгінде ауылдың атымен аталатын шекара бөлімшесін капитан Райымбек Әділғалиев басқарады. Офицердің айтуынша, қазір мұнда «Көктем-2025» шақырылымының 40-қа жуық сарбазы қызметке қалыптасу кезеңінен өтуде. Айта кетерлігі, өткен айдың соңында келген жас шекарашылар бүгін ұжымның өміріне кірігіп үлгеріпті. Тіпті, келісімшарт қызметінің әскери қызметшілерімен бірге күн сайын шекара нарядына шығып жүр екен. Олардың арасында «Срочники 2.0» бағдарламасы арқылы өздері армандаған

әскери оқу орындарына түсуді жоспарлап қойғандар да аз көрінбейді.

...Шекара бөлімшесінің өмірімен танысқан соң шекара бойына баруға жиналды. Ал бұл үшін арасында қызыл қайындар өсіп тұрған тоғайды таңдадық... Негізі, біз тілге тиек етіп отырған қызыл қайындар біздің еліміздің кез келген өңірінде өсе бермейтін көрінеді. Есесіне, Кавказ, Түркия, Иран тауларында сондай-ақ Солтүстік Америкада кездеседі. Осы бір қабығының түсі қызғылт-ақшыл болып келетін қайыңды қазақ халқының арқалы ақындары Мұқаң мен Қадыр Мырза Әлінің шығармаларынан кездестіргенбіз... «Қызыл қайың дірілдейді күзгі желде...» дейтін.

Сонымен, бөлімше бастығы капитан Р.Әділғалиев бастаған шекара нарядымен бірге Байынқол мен Текес өзендерінің қиылысатын жеріне аттанып кеттік.

Осында бір жағынан шекарашылардың қызметін суретке түсірсек, екіншіден ҰҚК Шекара қызметінің Әскери-патриоттық қызметі басқармасындағы әріптестердің өтініші бойынша фотосессия ұйымдастыру ойда бар.

Обалы нешік, буырқанып жатқан судың жағасындағы тоғайдың көркі көз тартарлық еді. Ең бастысы, мұнда шекарашылардан басқа жан баласының ізі түспейді. Шекара аймағының Заңмен белгіленген тәртібі осыны талап етеді. Жасыл күнқағарлыларды өзге әскери салалардан ерекшелендіріп тұрған да осы болса керек...

Хош, сонымен Байынқол мен Текес өзендерінің «кездесіп», қайтадан екіге жарылатын жерінде шекара нарядының қызметін суретке түсіріп, бұған қоса ойға алған шаруамызды бітірген соң аға нарядшының

ұсынысымен жоғарыға өрледік. «Қостөбе» шекара бөлімшесі күзететін аумақты, оның ішінде жаңа ғана өзіміз болған тоғайдың ішіндегі қос өзенді биіктен тамашалау үшін. Бұл үшін екі елдің арасындағы бейтарап арқылы біздің төбеде орнатылған шекаралық бақылау мұнарасының жанына аялдадық. Ал бізден оншақты қадам жерде көрші Аспанасты елінің шекара посты тұр. Өзінің сырт тұрқы біздікіне мүлде ұқсамайды. Бір қызығы, ақшаңқан ғимараттың айналасынан қыбыр еткен жанды байқамадық. Есесіне, олар ашық алаңда тұрған біздің әрбір қадамымызды бақылап жатқаны айдан анық еді...

Осылайша, шекара бойының сұлулығын жанарымызға сыйдырып, қоржымымызды қажетті суреттерге толтырып алған соң кері оралдық. Бұл кезде біздің қасымызда қызметтерін енді бастаған сарбаздардың бірі, ақын сарбаз бар еді. Иә, иә, ол Отан, ана, туған жер, махаббат туралы өзінің жас жүрегі жарып шыққан өлеңдерін оқып берді. Айтпақшы, ҰҚК Шекара қызметінің әлеуметтік желідегі «shekaraknbkz» сайтында Абайдың өлеңін жатқа оқыған қатардағы жауынгер Бекнұр Мұхитұлы деген батырыңыз осы! Сондықтан, ол туралы газеттің алдағы нөмірлерінің бірінде мақала жазып, өзін оқырмандарымызбен жақынырақ таныстыруды шешкен жайымыз бар.


...Міне, шекара бойына жасаған сапарымыздың сәтті аяқталғанын осыдан-ақ біле беріңіз!



ҚР журналистер одағының мүшесі әскери журналист Т.ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-CP».
Суретті түсірген автор.

«ӨРНЕК» ШЕКАРА БӨЛІМШЕСІ – ҚОСТАНАЙ ӨҢІРІНІҢ ҚАҚПАСЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Қостанай облысы бойынша департаментіне қарасты «Өрнек» шекара бөлімшесі – елдің солтүстік-батыс шекарасын қорғауда ерекше маңызға ие бөлім. 2003 жылы құрылған бұл бөлімше Қарабалық ауданының Приречное ауылында орналасқан. Отан тыныштығын күзеткен шекарашылардың күні-түні атқарып жатқан еңбегі – мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін сенімді қалқан.



Бөлімшеге аға лейтенант Тұрсынбаев Нұржан Амангелдіұлы басшылық етеді. Жас офицер қызметтік тәртіпті, бөлімшедегі күнделікті жұмысты тиімді ұйымдастырып, жауынгерлер арасында жауапкершілік пен ұйымшылдықты басты орынға қояды. Оның орынбасары лейтенант Амангелді Айдос Қуанышбекұлы. Екеуі де бөлімшедегі шекарашылардың кәсіби біліктілігін арттыру, тактикалық дайындық деңгейін көтеру және патриоттық рухты күшейту бағытында белсенді жұмыс атқарып келеді.

«Өрнек» шекара бөлімшесінің қызметтік аумағы күрделі санатқа жатпайды. Алайда бұл өңір – еліміздің мемлекеттік шекарасы өтетін аймақ болғандықтан, мұндағы шекарашыларға жүктелетін жауапкершілік орасан. Соңғы жылдары шекара режимін бұзуға тырысқан бірнеше заңсыз әрекет дер кезінде анықталып, шекараны заңсыз кесіп өтпек болған тұлғалар қолға түсті. Бұл — шекара күзетінде тұрған жауынгерлердің кәсіби біліктілігі мен шұғыл әрекет ету қабілетінің нәтижесі.

Бөлімше барлық қажетті материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілген. Мұнда снегоходтар, жол талғамайтын қызметтік автокөліктер, байланыс және бақылау жүйелері бар. Сонымен қатар, кинологиялық топтар қызметтік иттермен бірге шекара күзетінде үлкен рөл атқарады. Иттің иіс сезу қабілеті мен жылдамдығы – заң бұзушыларды анықтауда таптырмас құрал.

Шекара күзетінің тиімділігі – тек техникаға емес, жауынгердің тәртібіне де байланысты. Сол себепті бөлімше басшылығы жеке құраммен тұрақты саптық сабақтар, жауынгерлік дайындық жаттығулары мен оқу-жаттығу жиындарын өткізеді. Мұндай шаралар – болашақ қауіп-қатердің алдын алу кепілі.

Бүгінде «Өрнек» шекара бөлімшесі тек шекараны күзетіп қана қоймай, жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу бағытында да белсенді жұмыс жүргізуде. «Жас шекарашы» клубымен бірлесе отырып, бөлімше әскери-патриоттық шараларды тұрақты өткізіп тұрады. Ашық есік күндері, экскурсиялар мен кездесулер – мектеп оқушыларына шекарашының өмірі мен қызметі туралы толыққанды түсінік береді. Бұл жас буынның бойына Отанға деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік ұялатудың нақты жолы.

«Өрнек» шекара бөлімшесі – бұл жай ғана шекара бекеті емес, бұл – тәуелсіз елдің тыныштығын күзетіп тұрған мызғымас қалқан. Мұндағы шекарашылар – жас болса да, жүрегі оттай, сертіне адал жауынгерлер. Олар үшін «Шекара – шебіміз, Отан – жүрегіміз» деген қағида бос сөз емес – бұл олардың күнделікті қызметінің мәні мен мағынасы.

Аға лейтенант Н. САКЕН, «OS-CP». Сурет шекара бөлімшесінен.

МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАНЫҢ МЫЗҒЫМАС ҚАЛҚАНЫ



Ел тыныштығы – сөзбен емес, нақты іспен сақталады. Осы ұлы миссияның жүгін абыроймен арқалап келе жатқан шекарашылардың бірі – Ақтөбе облысындағы «Жиренқопа» шекара бөлімшесінің жасылкүнқағарлылары. Олар тәуліктің әр сәтін ел қауіпсіздігіне арнап, шекараның әр қадамын қырағылықпен күзетіп жүр.

Мемлекеттік шекара – бұл карта бетіндегі сызық немесе шартты белгі ғана емес. Бұл – ұлт тәуелсіздігінің ең басты тірегі, ел қауіпсіздігінің, бейбіт өмірдің кепілі. Осы асыл құндылықты қорғау ісінде Қазақстанның әрбір шекарашысы – нағыз ерлік пен табандылықтың үлгісі. Солардың қатарында ерекше орын алатын – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаментінің «Қобда» шекара бөліміне қарасты

«Жиренқопа» шекара бөлімшесі.

2014 жылдың қыркүйегінде негізі қаланған бұл бөлімше бүгінгі таңда Ресей Федерациясымен шектесетін 157 шақырымдық мемлекеттік шекара сызығының тыныштығын күзетуде. Бұл – тек қырағылықты ғана емес, темірдей тәртіпті, жоғары әскери дайындықты және рухани беріктікті талап ететін аса жауапты міндет.

Бөлімше жеке құрамының кәсіби біліктілігін арттыру үшін жүйелі

түрде жаттығулар, әскери даярлық сабақтары және спорттық іс-шаралар өткізіледі. Мұндай қатаң тәртіп пен ұжымдық рух – нағыз жауынгерлік шеберліктің кепілі. Бөлімше шекарашылары департамент бөлімшелері арасындағы 2023 жылғы бақылау-тексеру сабақтарында 2-орын иеленсе, 2024 жылы рационализаторлық бастамалар бойынша да үздіктер қатарынан табылған.

Бөлімше бастығының жедел-жауынгерлік, арнайы және дене шынықтыру дайындығы бойынша орынбасары аға лейтенант Ислам Мұхитұлы Төлегенов өз пікірінде:

«Мұндай бөлімшеде қызмет ету – екінің бірінің пешенесіне бұйырмайтын мәртебе. Бұл – үздік офицерлерге ғана сеніп тапсырылатын, үлкен жауапкершілік жүктейтін қасиетті міндет», – дейді.

Өскемен қаласының тумасы Ислам Мұхитұлы 2018-2022 жылдары ҚР ҰҚК Шекара академиясында білім алып, 2022 жылдан бастап шекара күзетінде үздік қызметімен көзге түсіп келеді. Отбасылы, бір ұл тәрбиелеп отыр.

Ал бөлімше бастығы аға лейтенант Дамир Нариманұлы Молдақұл шекара күзетінің ауыр да жауапты екенін атап өтіп:

«Жауынгерлік қызметтің оңайы жоқ, әсіресе шекара күзетінде. Қырағылық пен батылдық – біздің шекарашылардың басты қаруы. Біз ел сенімін ақтап, шекара тыныштығын қамтамасыз ету жолында бар күшімізді саламыз», – деп атап өтті.

Дамир Нариманұлы 2021 жылдан бері осы бөлімшеде қызмет атқарып, қысқа уақыт ішінде 16 шекаралық режим бұзушыны, 45 мемлекеттік тәртіпті бұзған азаматты, 4 шекара бұзушысын ұстау операцияларына басшылық жасаған. Еңбегі үшін бірнеше мәрте алғыс хатпен марапатталған, әріптестері арасында жоғары беделге ие.

Шекара күзетіне ауыл тұрғындары да өз үлестерін қосуда. Жергілікті ерікті жасақтар шекара бойындағы қауіпсіздік шараларына белсене араласып, әскери бөлімшелермен бірлесіп қызмет атқарады. Бұл – азаматтық жауапкершіліктің жарқын көрінісі. Сонымен қатар, «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубының тәрбиелік іс-шаралары жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік сезімін дарытып, болашақ шекарашыларды даярлауда маңызды рөл атқарып отыр.

Бүгінгі таңда «Жиренқопа» шекара бөлімшесі – мемлекеттің берік қалқаны. Оның әрбір шекарашысы тәуелсіз Қазақстанның тыныштығы үшін күндіз-түні қызметте. Олар – ел іргесінің амандығын сақтап тұрған қырағы күзетшілер, темірдей тәртіптің, шынайы отансүйгіштіктің нышаны.



**Аға лейтенант
Ж. ШАРМАЕВ,
«OS-ЧР».
Суретті түсірген
автор.**

РУХЫ МЫҚТЫЛАРДЫҢ ОРТАСЫ

«Сарбаз болдым, мінеки!» Бұл – әдеттегідей «Көктем-2025» шақырылымының сарбаздарына арналған. Әрине, олар Шекара қызметінің сапына оп-оңай келген жоқ. Ең алдымен қатаң іріктеуден өтті. Денсаулықтарынан мін табылмаған, спортты серік етіп қана қоймай, кеудесіндегі жүрегі «Отаным» деп соққан жас жігіттер ғана шекарашылардың сапына қосылуға лайық деп табылған...

Сөйтіп, шекара басқармаларының оқу базасында жас жауынгерлер курсынан өтіп, өздерінің шекарашылық шеберліктерін шыңдаған жас сарбаздар үшін ел шебіндегі қалыптасу кезеңі де басталған. Өткен айдың 28-інде. Содан бері де бір ай да зымырап өте шыққан. Осы аралықта қандай өзгерістер болды. Сарбаздар не көрді, нені бастарынан өткерді? Жалпы өздерін шекара қалай қарсы алды? Туған Отанының шетін өз көздерімен алғаш рет көрген сәттегі алған әсерлері қандай? Біз жақында ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасына жасаған журналистік іссапарда болған кезімізде осы сауалдардың жауабын іздеп көрген едік. Бұл үшін біз оларды сөзге тартқан жоқпыз. Бар болғаны, сырттай бақыладық, әсіресе жолымыздың болғаны, олар біздің көз алдымызда өздеріне бекітілген қаруды қабылдап алды. Ер-азаматтың өміріндегі осынау маңызды сәтті қалт жібергісі келмеген болар, қару тапсыруға арналған рәсімді «Нарынқол» шекара бөлімі бастығының МУА капитан Серікбосын Айдарханов өзі өткізді. Рәсім соңында офицердің айтары аз болған жоқ, ол – әрбір сарбазға сеніп тапсырылған қару – асқан жауапкершілікті талап ететінін жеткізді. Шекарашылар табиғаттың тосын мінезін елең қылмайты-



ның, олар күннің ыстығы мен суығында да өздеріне берілген бұйрықты бұлжытпай орындауға тиіс екенін қадап айтқан.

Кім білген, XXI-ғасырдың сарбазы тұрған алаңды жүздеген жылдар бұрын Райымбек батырдың сәйгүлігі тұяқтарымен тарпыған болар... Мүмкін, дәл осы жерде қазақ батырлары туған жеріміздің көркіне көз

алартқан жауларымен шайқасқан болар. Мүмкін, бәрі мүмкін. Бір ғана «Нарынқол» шекара бөлімшесінің тарихына көз жүгіртіп көріңізші, өкінбейсіз. Бәрінен де шекара бөлімшесінің қабырғасы құрылғанына 104-ші жылдан асып барады... Демек, бүгін саптық алаңда сап түзеген сарбаздар өздерінің нарынқолдық атанғандарын

мақтаныш тұтуға тиіс. Бұл – біздің ойымыз.

...Осылайша, «жереме жерге тасталып», «Көктем-2025» шақырылымының сарбаздары үшін ел шебінің жел өтіндегі өмірі басталған. Олардың арасында әлемнің алты тілін білетін сарбаз бар, салауатты өмір салтын ұстанған спортшы, Мұқаң – Мұқағали Мақатаевтың ізбасары болуға жарап қалған ақын да, талантты жастардың кездесетіні бесенеден белгілі. Шекарашылық шеберліктерін далалық оқу орталықтарында, әскери ұрыс машиналарының жанында өткізген сарбаздарға бүгін қару бекітіліп берілді. Енді осы қарумен олар бөлімшенің ондаған шақырымға созылып жатқан аумағын күзететін болады. Біздің тілімізбен бейнелеп айтқанда, «күндіз отырмайды», «түнде ұйықтамайды». Өйткені, олар – шекарашылар!

Айтпақшы, осынау рәсімнен түсірілген суреттерді біз ҰҚК Шекара қызметінің әлеуметтік желідегі парақшасында жариялаған едік. Мынаны қараңыз, топтаманың астына бір оқырман: «Мұнда менің ұлым қызмет етеді» деген жазба қалдырыпты. Мақтаныш сезіледі...

Иә, бұл – «Нарынқол» шекара бөлімшесі. Ал мұнда тек рухы мықтылар ғана қызмет атқаруға тиіс.

**Әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.**

КӨЗГЕ КӨРІНБЕЙТІН, БІРАҚ АСА МАҢЫЗДЫ...

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментіне қарасты «Андас батыр» шекара бөлімшесі – Меркі өңірінің тау жоталары мен сай-саласын қалт жібермей бақылайтын айбынды қарауыл. Таңғы самал етекке сырғып, көкжиек бозғылт нұрға оранған сәтте-ақ бұл бөлімшенің тынысы тіпті айқын сезіледі: бекет алдына сап түзеген жасақ, байланыс құралдарының сыңғыры, кезекшілікті қабылдау рәсімі. Күн сайынғы осы тәртіп – шекара тыныштығы мен ел амандығының кепілі.

Бөлімшенің жауапкершілік аймағы – табиғаты күрделі, мінезі құбылмалы тау бөктері. Мұнда әр жыра мен өткелдің өз сыры бар. Шекара нарядтары күндіз-түні осы жолдарды бақылайды: бірде жаяу шолғын жүріп өтсе, бірде жол талғамайтын көлікпен алыс учаскелерге бет алады. Темір бақылау мұнараларынан бастап, жасырын бақылау позицияларына дейін барлау мен қадағалаудың жүйесі жолға қойылған, аумақ бойында инженерлік бөгеттер, шекара белгілері мен ескерту таңбалары рет-ретімен күтіп ұсталады. Бейнебақылау камералары, жылу көру құралдары, навигациялық құрылғылар – бәрі де бір мақсатқа жұмыс істейді: заңсыз әрекетке жол бермеу, мемлекеттік шекара режимін қатаң сақтау.

Қызметтің күні – нұсқаулықтан басталады. Бөлімше басшылығы тәуліктік тапсырманы нақтылап, метеожағдай мен жер бедеріне қарай маршруттарды түзеді, ықтимал тәуекелдерді белгілейді. Қызметке шығатын әрбір нарядқа жауапкершілік шегі, байланыс тәртібі, тосын жағдайдағы іс-қимыл алгоритмі түсіндіріледі. «Біз – Отанның берік қалқаны» деген қағида осы жерде өмірдің өзіне айналған. Әскери тәртіп пен ішкі мәдениет – бөлімшенің айнымас өлшемі, ал өзара сыйластық пен жолдастық – күнделікті еңбектің мәйегі.

«Андас батыр» шекара бөлімшесінің негізгі күші – білімді де шыныққан шекарашылар. Олар із кесу мен бағдарды

анықтау, таулы жерде жүру, түнгі қозғалыс пен жасырын бақылау, жедел ұстау мен алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларын жүйелі пысықтайды. Тәжірибелі сержанттар жас сарбаздарға шынайы тәлімгер: зеңгір түндегі жұлдызға қарап бағыт табудан бастап, бұлақтың табанындағы лайдың ізін сөйлетуге дейін үйретеді. Атыс дайындығы күндіз де, түнде де өтеді; әр сарбаз қауіпсіздік талаптарын мінсіз меңгерген.

Кинологиялық топтың орны бөлек. Қызметтік иттер шекара бойындағы іздерді, тыйым салынған заттардың иісін тез ажыратады, жыра мен тоғайда жасырынғанды ізін суытпай ұстайды. Із кесуші топтармен өзара іс-қимыл үйлесімді: біреуі белгі табады, екіншісі бағытты бекітеді, үшіншісі алдын ала қойылған тосқауылға сүйеніп, ұстау әрекетін аяқтайды. Қажет болғанда ұшқышсыз құралдар да іске қосылады – осының бәрі уақыт үнемдеп, қауіп-қатерді ерте анықтауға мүмкіндік береді.

Бөлімше заң бұзушылықтың алдын алуды бірінші орынға қояды. Жергілікті тұрғындармен, шаруа қожалықтарымен, жайлаудағы малшылармен жүйелі түсіндіру жұмыстары жүргізіледі: шекаралық белгілердің мәні, шекаралық режимнің талаптары, рұқсат етілмеген өткелдерге барудың салдары нақты айтылады. Көршілес құрылымдар – кеден, полиция, құтқару қызметтерімен бірлескен рейдтер мен оқу-жаттығулар өткізіліп, ықти-

мал арналар мен жолдар картаға түсіріледі. Ортақ мақсат – заңсыз көші-қонға, контрабандаға, есірткі мен қару-жарақ тасымалына кеңістік бермеу.

Қызмет қаншалық күрделі болса, бөлімше тіршілігі соншалық жүйелі. Жатақхана, асхана, оқу сыныптары, байланыс бөлмесі, қару-жарақ қоймасы – бәрі тәртіппен, тазалықпен ұсталады. Спорт залы мен алаңшада сарбаздар күш-қуатын қалыпта ұстайды, көңіл-күйді көтеретін шағын кітапхана мен демалыс бұрышы бар. Жылыту, жарық пен су жүйелері үздіксіз жұмыс істейді, бөлімше жеке құрамының еңбегі – көзге көрінбейтін, бірақ аса маңызды тірек. Қауіпсіздік талаптары әр бөлмеде, әр қызметтік нүктеде ескертілген. Бұл – жай ғана жұмыс орны емес, бұл – ортақ үй, ортақ парыздың ордасы.

Шекара қызметінің мәні көпке көріне бермейтін, бірақ елдің әр тынысында сезілетін еңбек. Күнделікті тәртіп, ерен шыдам, өз ісіне деген адалдық – «Андас батыр» бөлімшесінің айнымас ұстанымы. Таңғы тымықта қыр үстінен көтеріле бастаған күн секілді, бұл бөлімшенің еңбегі



де мемлекеттің тыныштығын нұрландырып тұрады. Шекара – сенім. Ал сол сенімді ақтап тұрған шекарашы – Отан алдындағы адал парызын үнсіз атқаратын, бірақ ел жүрегінде биік тұратын азамат.



**Капитан
А. ЖЕКСЕНБИН,
«ОС-ЧР». Сурет
шекара бөлімшесінен.**

Қазақстан мен Ресей Федерациясы арасындағы мемлекеттік шекараның бойында, ну орманды алқаптың табиғатының баға жетпес байлығының ортасында – «Шалдай» шекара бөлімшесі орналасқан. Павлодар облысы Шарбақты ауданы Шалдай елді мекенінде қоныс тепкен аталмыш бөлімше еліміздің солтүстік-шығыс қақпасын күзетіп тұрған ерекше бір аймақ десек те болады.

ОРМАНМЕН ҮНДЕСКЕН ШЕКАРА ШЕБІ



Шалдай шекара бөлімшесі 2000 жылдан бастап мемлекеттік шекараны қорғау міндетін абыроймен атқарып келеді. Басқа шекара бекеттерінен басты ерекшелігі – бөлімшенің тығыз орман алқабының ішінде орналасуында. Бұл өз алдына жауапкершілік пен күрделілігі қатар жүретін қызмет. 59 шақырымға созылған орманды шекара сызығын күзету шекарашылардан аса қырағылық пен төзімділікті талап етеді.

Жеке құрам күнделікті жауынгерлік дайындық жоспарына сәйкес тактикалық оқу-жаттығуларға, атыс даярлығына белсенді қатысады. Бөлімше заманауи әскери техникамен, байланыс құралдарымен толық қамтамасыз етілген.

2024 жылдың қорытындысы бойынша, шекарашылардың қырағылығы арқасында бірқатар заң бұзушылық анықталған. Атап айтқанда, шекара режимін бұзу бойынша - 10-ға жуық, мемлекеттік шекарадан заңсыз өту әрекеті бойынша - 6-ға жуық дерек тіркелген. Бұл шекарашыларымыздың өз міндетіне деген жоғары жауапкершілігі мен кәсіби шеберлігінің көрсеткіші.

Шалдай орман алқабы - ерекше қорғалатын табиғи аумақ ретінде Ертіс орман резерваттарының құрамына енген бірегей экожүйе. 2003 жылы Шалдай мен Бесқарағай орман шаруашылықтарының бірігуі нәтижесінде құрылған бұл

резерваттың жалпы аумағы – 277 961 гектар. Оның 65 пайызын, яғни 163 296 гектарын орман алқабы құрайды. Мұнда 226 өсімдік түрі өссе, соның ішінде 7 түрі Қызыл кітапқа енгізілген. Жануарлар әлемі де бай – 200-ге жуық құс түрі, 40-тан астам сүтқоректі мекендейді. Бұғы, сілеусін, бұлаң, қасқыр сынды аңдар мен түрлі сирек құстар – орман тіршілігінің бір бөлігі.

Осы бір табиғаттың інжу-маржанын көздің қарашығындай сақтап, шекараны күзету шекарашылар үшін үлкен абырой, зор жауапкершілік. Табиғатпен етене өмір сүріп, оның әр дыбысын, әр тынысын аңғаруға үйренген шекарашылар үшін орман - жауынгерлік дайындықтың айнымас алаңы ғана емес, Отан алдындағы антына адалдықты бекемдейтін рухани мекен.

Жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу мақсатында «Шалдай» шекара бөлімшесі жергілікті мектептермен тығыз байланыс орнатқан. Ашық есік күндері, спорттық және экологиялық іс-шаралар дәстүрге айналған. «Таза Қазақстан», «Жасыл Қазақстан», «Парктер шеруі» сынды табиғат жанашырлары акцияларына белсенді қатысып, орманды қалпына келтіру, көшет отырғызу, экологиялық сана қалыптастыру жұмыстарында алдыңғы қатарда келеді.

Мұндағы жеке құрам спортқа бейім, ұйымшыл Әскери қызметті ел игілігіне бағыттап, қоғаммен ете-

не байланыс орнатқаны көрініп-ақ тұр. Бұл ретте бөлімше бастығы аға лейтенант Келгенбаев Дастан Имашұлының еңбегін ерекше атап өтуге болады. 2024 жылдың тамызынан бастап «Шалдай» шекара бөлімшесін басқарып келе жатқан ол Шекара академиясының 2020 жылғы түлегі, бұған дейін Рахат және Шарбақты шекара бөлімшелерінде қызмет атқарған тәжірибелі офицер.

Оның сенімді серігі, бөлімше бастығының орынбасары аға лейтенант Меймантай Ұлас Қанатбекұлы. Ол осы лауазымда 2022 жылдың тамызынан бастап қызмет етеді. Жастығына қарамастан ауыл халқымен етене араласып, қоғамдық іс-шараларға жеке құрамды жиі қатыстырып отырады. Департамент өміріндегі барлық тәрбиелік іс-шараларға белсене атсалысатын өз ісіне тың көзқараспен қарайтын бастамашыл офицер.

«Шалдай» шекара бөлімшесі бұл Отан тыныштығы мен табиғаттың сұлулығы тоғысқан, ұлт қауіпсіздігі мен рухани құндылықтар үндескен қасиетті мекен. Мұнда қызмет ету – абырой, ал шекараны күзету – елге деген шексіз махаббаттың көрінісі.



**Майор
Г. САДЫКОВА,
«ОС-ЧР». Сурет
шекара бөлімшесінен.**

ШЕКАРА БӨЛІМШЕСІНІҢ АБЫРОЙЛЫ ҚЫЗМЕТІ

Қостанай облысы Қарабалық ауданында орналасқан «Мағнай» шекара бөлімшесі – еліміздің мемлекеттік шекарасын күзететін маңызды бекеттердің бірі. Осында, сол-түстік-батыс шепте, тәуліктің әр сағатында Отан тыныштығы үшін қалтқысыз қызмет етіп жүрген ерлер бар.

2024 жылдың шілде айынан бастап бөлімшеге капитан Медеев Нұрбол Ерболұлы басшылық етеді. Туған жерге қызмет етуді өмірлік парыз деп білген ол бүгінде тәжірибелі офицер, өз ісіне адал басшы ретінде ұжымына үлгі болып отыр.

«Мағнай» шекара бөлімшесінің құрамында еліміздің түкпір-түкпірінен келген, жүректері Отан деп соққан сарбаздар мен сержанттар қызмет атқарады. Олар күннің ыстығы мен қара суығында да, боранды түндерде де сергектік пен қырағылық танытып, Қазақстан мен Ресей арасындағы мемлекеттік шекара сызығын күзетеді. Бұл – тек шекара режимін бақылау ғана емес, еліміздің тәуелсіздігі мен тұтастығын қорғау деген сөз.

Бөлімше қызметкерлерінің міндеті ауқымды: шекара бойында тәулік бойы патрульдеу, шекара режимін бұзушыларды анықтау, контрабандаға тосқауыл қою, тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Бұл үшін оларда заманауи техника да, қызметтік иттер де бар, бірақ басты



қаруы – Отанға деген адалдық пен сертке берік болу.

Капитан Н.Медеевтің айтуынша: «Шекара – бұл жай ғана картадағы сызық емес, ол – мемлекетіміздің егемендігі мен бірлігінің айғағы. Оны күзету – әр қазақ азаматы үшін абырой. Біз осы жауапкершілікті сезініп, елге адал қызмет етіп келеміз», – дейді ол.

Бөлімше ұжымы қызметпен қатар жергілікті тұрғындармен де тығыз байланыс орнатып, мектептерде әскери-патриоттық шаралар өткізіп, жастарға үлгі болып келеді.

Өз өмірлік ұстанымын Нұрбол Ерболұлы былайша жеткізеді: «Мен – екі балапанымның асқар тауы, жарымның тірегі, отбасымның қорғанымын. Сонымен бірге мен – шекара шебінде тұрған сарбазбын. Осы үш міндеттің үшеуі де мен үшін қасиетті. Әр күнім – елім үшін, әр қадамым – болашақ ұрпағым үшін. Біз қорғап тұрған шекара – жай ғана сызық емес, ол – бейбіт өмірдің кепілі. Осындай қызмет атқарып жүргенімді мақтан етемін, бұл менің ұл-қыздарыма қалдырар ерлік үлгісі», – дейді ол.

«Мағнай» шекара бөлімшесі – шын мәнінде ұжымдық бірліктің, қырағылықтың және Отанға адалдықтың үлгісі. Мемлекеттік шекарада әрбір сағат – ел үшін, әр қадам – ұрпақ үшін жасалып жатқан қасиетті еңбек.

Ел шебін күзеткен әрбір жауынгерге алғысымыз шексіз. Олар барда – шекарамыз бүтін, еліміз тыныш!

Аға лейтенант Н. САКЕН, «OS-ЧР».
Сурет шекара бөлімшесінен.

ИНЖЕНЕРЛІК ЖҰМЫС

ҚҰМ ТӨСІНДЕГІ БЕЙНЕТ

Тағы бір қызметтік сапар кезек алды. ҰҚК Шекара қызметі Атырау облысы бойынша департаменті бастығының бірінші орынбасары – штаб бастығы полковник Айдар Кикабаевтың тікелей тапсырмасымен шалғайдағы шекара шақырымдарына аттанды. Қызметтегі жауынгер жолдасқа айналған қалам мен қойын дәптерді серік етіп, ұзақ жолдарға жүк арттық. Жазарымыз туған жердің топырағына маңдай терін төккен нағыз еңбек адамдары нақында. Ондағы қым-қуыт қарбалас және көптің көзіне көріне бермейтін тіпті түсіне де кірмейтін тынымсыз тіршілік туралы. Себебі барар бағыт «Сазды» шекара бөлімшесінің аумағында жанданған инженерлік жұмыстардың ошағы болмақ.

Қала орталығынан шыққан біз темір жол құшағында тербеліп, құт қонған Құрманғазы ауданына табан тіредік. Мұнда департамент құрамындағы «Құрманғазы» шекара бөлімі қоныс тепкен. Шалғайдағы шекара бөлімі инженерлік базаға жедел жетуге мүмкіндік береді. Басшылықтан пәрмен жеткен бойда қызметтік көлікпен аялдар аймаққа асықтық. Жол талғамайтын жүйрігіміз 4 сағатқа жетер жетпес уақыт ел шебіндегі шекарашылар шатырымен қауыштырды.

Қатар-қатар тұрғызылған жатын-жай. Ақ маңдай шепте бейбіт күннің бойтұмары саналатын шекарашылардың жасыл туы жел ырғағымен желбіреп тұр. Атырапты қоршауға алған құмды қырлар тыныштықпен табысқандай. Күннің реңі қай мезгіл екендігін сұратпастан ұқтырған. Төбеден түскен күн төбенді тесетіндей көрінеді кей мезет. Шіліңгір шілденің ақырғы аптасы. Алтап ыстық алқымнан алатындай. Ми қайнатар ыстыққа қарамастан шекарашы жеке құрам еңбекке араласқан. Шекара шатырына өңтелі бергенде бізді инженерлік-техникалық қамтамасыз ету тобының бастығы капитан Жалғас Анарбек құшақ жая қарсы алды.

Қолынан іс келетін офицермен таныстығымыз тым тереңге кеткен. Осы уақытқа дейін жеңілдің үстімен жүргенін көргеніміз жоқ. Департамент көлеміндегі барлық деңгейдегі ірілі-ұсақты инженерлік жұмыстарда өз қолтаңбасын қалдырып үлгерген. Жанұясы мен жылы үйінен жырақ жүріп, шекара қазығын қаққалы жанкешті жорығы жылдарға жалғасқан. Екі ара амандық-саулық сұрасқаннан соң шекарашы ұл қолға алынған ілкімді істердің жай-жапсарынан ақпар берді.

Жалғас Асхатұлы басы-қасында жүрген инженерлік жұмыстардың алғашқы легі сол кездегі ҰҚК Шекара қызметі Атырау облысы бойынша департаментінің бастығы полковник Әділ Абесовтың мұрындық болуымен 2023 жылдан бастау алған. Содан бері

меймандар таңмен таласып, 40 шақырым қашықтықтағы шекара шебінде сап түзейді. Бесін уақытындағы дем тарылтар ыстыққа абыржымау үшін таңғы 04.00-де тәтті ұйқымен қош айтысады. Ерте таңғы астан кейін сағат 05.00-де күнделікті инженерлік қызметке



Қазақстан – Ресей шекарасындағы мемлекеттік маңызға ие жүйелі жұмыстар күні бүгінге дейін үздіксіз жалғасып келеді. Осы уақыт ішінде департамент құрамындағы «Ер Қосай батыр» және «Сазды» шекара бөлімшелерінің аумақтарында жалпы аумағы 100 шақырымға жуық шекаралық темір-тіккенді сыммен қоршау, 10 шақырымға жуық дөңкерленген торлы қоршау жұмыстарын жүзеге асырған. Мұнан бөлек Мемлекеттік шекараның символы саналатын 5 темір бақылау мұнарасы бой көтерген. Шекара шебіндегі қыж-қыж қайнаған инженерлік жұмыстар қазіргі таңда қарқынды жүріп жатыр.

Мұндағы міндет жүктелген

кіріседі. Сонан соң түскі үзілістен кейін сағат 18.00 қайта қызметке кіріседі. Кешкі салқынмен ұйымдастырылған қызмет ақшам көзіне дейін жалғасады. Кеш қарайған уақыт жатын-жайға қайта оралған оғандар құнарлы тағаммен ауқаттанып, кезекті жұмыс күніне әзірленеді. Бұл инженерлік базаның бекітілген күн тәртібі. Ауа-райының қолайсыздығы, ауыз су мен жарықтың тапшылығы қол байлайды. Дегенмен топтағы сайдың тасындай іріктелген сайыпқырандар сенімге селкеу түсірмек емес. Бөрінің көзінде намыстың найзағайы жарқылдаған.

Шалғай шақырымдардың арасын жалғап тұрған қызметтік көліктер турасында айтпасақ айып



болар. Себебі инженерлік базадағы барлық қажеттілік сержант Сағынжан Сыдыхов және қызметші Райымбек Гамдырахимов тізгіндеген темір тұлпардың тарысымен өтеледі. Сарбаздардың басы ауырып, балтыры сыздаса аудан, қала орталығына жедел жеткізетін осы көліктер. Жарыққа жәрдемші жанар жағар майды тасымалдайтын да осы көліктер. Жеке құрамның шекара шебіне күнделікті қатынауын қамтамасыз ететін де осы көліктер... Сондықтан да жасылкүнқағарлы жүргізуші жолдастарды инженерлік базадағы ең қажетті мамандар десек, артық айтқанымыз болмас?!

Инженерлік базада «Күз – 2024» шақырылымының сарбаздарын көзіміз шалды. Қызметке құлшыныспен кіріскен қырыққа тарта сарбаз антына адалдықпен үн қатқан. Екі ел шекарасының қазығын қағып, шекарасын шегендеуге ат салысқан айбынды ұлдар қандай тарихи істің бел ортасында жүргендерін бәлкім ұқпас?! Бірақ олар Отан алдындағы борышын абыроймен атқарып жүр. Үйлеріне қайта оралуға санаулы айлар қалған мерзімді әскери қызметшілер теңізге тамшыдай болсын үлес қосқандары үшін бек риза. Алғыспен аттанатындарын алға тартса, жүздері бал-бұл жайнай жөнеледі.

Құм төсіндегі тілшілік тіршілік қос бірдей аптаны артқа тастады. Шатыр асты шаттық тауып,

шалқар шабытпен бетпе-бет келдік. Көптен бері жолымыз тоғыспаған жауынгер жолдастармен жүздестік. Ала шаңның арасында аз-кем шер тарқатып, қызметтік өтпелі кезеңдердің қызығы мен шыжығын айтысып кеш батырдық. Бұған алыс атыраптағы өлем желінің жоқтығы көптеп көмекке келді. Бұл да сапар алды құрған жоспарымыздың бір парасы болатын.

Жазар жазбаға «Құм үстіндегі бейнет» деп тақырып қоюымыз да тегіннен тегін емес. Қарасаң көзің талатын өн далада ел іргесінің тыныштығы мен тұтастығы үшін таңның атысы мен көштің батысы жалғасқан еңбек бейнетпен пара-пар. Олардың бүгінгі тынымсыз тіршілігі еңселі елдің ертеңгі тыныштығы үшін жасалған қадамдар. Самайдан сырғанаған әр тердің тамшысы әр қазақтың жайдары жүзіндегі өлшеусіз бақыттың кепілі. Ендеше, шалғайдағы шекара шақырымдарында шеп құрып, шекараның қазығын қаққан қырағыларға бүгін мен болашақтың атынан айтар алғысымыз шексіз. Ел үшін төккен терлерің тек кетпей, еңбектерің жансын!



Капитан Б. ҚОЖАНТАЙ, «OS-ЧР».
Суреттерді түсірген автор.



(Соңы. Басы 1-бетте)

«Ақтау», «Жаңғызтөбе» шекаралық бақылау және қамтамасыз ету басқармалары, арнайы мақсаттағы және техникалық қамтамасыз ету басқармалары да болды. Бұл – шараның ауқымдылығы мен маңызын айқындайтын айқын көрсеткіш.

Жарыстан кейін шекарашылар «Қалқан» патриоттық фильмін тамашалап, концерттік бағдарламада шығармашылық ұжымдардың өнерін көріп, демалыс кешін өткізді. Мұндай іс-шаралар рухты көтеріп, жас сарбаздарға үлгі болатыны анық.

Жеңімпаз командалар мақтау қағаздары, кубоктар мен бағалы сыйлықтарға ие болды. Бірақ ең үлкен жеңіс ол ұйымшылдық, достық пен әскери бауырластық.

Қостанай командасының мүшесі Ербол Шеріп:

– Бұл – жай жарыс емес. Әскери рух пен достықтың, командалық сенімнің айқын үлгісі болды. Осындай деңгейде ұйымдастырылғаны үшін ризашылығымды білдіремін!

Қарабалықтағы республикалық спартакиада — бұл шекарашылардың бойындағы төзімділік, ерік-жігер мен кәсіби шеберліктің бір көрінісі. Мұндай іс-шаралар қызметке жаңа серпің, ұлтқа сенімді болашақ сыйлайды.

Қызмет пен спорт — жеңіске бастар қос қанат!



Аға лейтенант Н. САКЕН, «ОС-ЧР».
Суреттерді түсірген қатардағы **Д. ҚУАНЫШЕВ.**



ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ ЖАНДАР

Шекара ел тәуелсіздігінің айғағы, тұтас мемлекеттіктің тұғырлы белгісі. Оны қорғау ұлы міндет. Осы жолда абыройлы еңбек етіп, саналы ғұмырын сарп еткен Павлодар облысы бойынша департаментінің шекарашылары – аға сержант Мәдениет Құдайбергенұлы Абулгазинов пен старшина Алмас Серікұлы Мухаметжан бүгінде саптан сыпайы ғана қол бұлғап, зейнетке аттанды.

Мәдениет Құдайбергенұлы Абулгазинов Шекара қызметінің шыңдалған шебері. 1997 жылдан бастап ел шебінде қызмет еткен ол «Тұрсын» мен «Желтоқсан» шекара бөлімшелерінде старшина болып, бөлімшелердің тәртібі мен дайындығын мүлтіксіз қамтамасыз етті. Қызметінде байыпты, ұжымына қадірлі, іске мығым маман ретінде ерекшеленді. Ал кейінгі жылдары қойма бастығы ретінде бөлімнің материалдық қамтамасыз етілуіне де елеулі үлес қосты. 25 жылға жуық өмірін арнаған Отан алдындағы адал борышы оның азаматтық болмысының айғағы.

Ал Алмас Серікұлы Мухаметжан 2007 жылдан бастап шекара шебінде табандылықпен еңбек етті. «Майқоныр» мен «Ертіс» шекара бөлімшелерінде аға атқыш, барлаушы-снайпер болып, жауапты әрі аса күрделі міндеттерді абыроймен атқарды. Соңғы жылдары «Үлгілі» шекара бөлімінің мобильді тобына жетекшілік етіп, қызметтің үздік ұйымдастырушы



ретінде танылды. Ширақтығы мінезі мен жинақылығы арқылы жас шекарашыларға үлгі бола білді.

Қос шекарашы да бір мектептің түлегі секілді. Әрқайсысының тағдырында ортақ бір нәрсе бар - ол шекара қызметіне деген

адалдық, Отан алдындағы борышына деген құрмет, әріптестеріне деген шынайы ықылас.

Олардың табанды еңбегі, мінсіз қызметі мен адами қасиеттері кейінгі буынға үлгі болары сөзсіз. Бүгін шекарашыларымызды департамент төрінен зейнетке салтанатты түрде шығарып салуымыз үлкен бір дәуірге деген құрмет, ел қорғанына айналған қос азаматқа көрсетілген тағзымымыз болды.

Салтанатты сапта тұрып, қимастықпен қол бұлғап шығарып салған әріптестері мен басшылық тарапынан қос шекарашыға құттықтау хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды. Алғысқа толы жылы лебіздер мен шынайы ықыластар айтылып, олар үшін бұл сәт ұмытылмас естелікке айналды. Мәдениет пен Алмас – шекара шебінің тірегі болған азаматтар. Олар Отанға адал қызмет етудің не екенін іспен дәлелдеген. Әскери қызметкерлер зейнетке шыққанымен, олардың есімі шекара шежіресінде мәңгілікке сақталмақ.

Майор Г. САДЫКОВА, «OS-ЧР»
Суретті түсірген автор.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН АДАЛДЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ

Тәуелсіз елдің шекарасының беріктігі – сол шекараны күзеткен сарбаздардың жанқиярлығымен өлшенеді. Осындай жанкешті қызметімен көпке үлгі болған азаматтардың бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Түркістан облысы бойынша департаментінің Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты инженерлік-техникалық қамтамасыз ету тобының жүргізуші сержант Нұрболат Оразкельдыевич Рысбеков.



әскери бөлімінде жүргізуші қызметін атқарып, 2004-2009 жылдары аға шебер ретінде еңбек етті. Үздіксіз 2009 жылдан бері бүгінгі күнге дейін жүргізуші лауазымында қызмет атқарып келеді. 2005 жылы отбасын құрып, екі ұл тәрбиелеп отыр.

Нұрболат – әскери қызметтегі адалдықтың, тәртіп пен ұқыптылықтың нақты көрінісі. Өзіне тиянақты, техникалық қызмет көрсетуде тәжірибелі маман ретінде танылған. Техниканың жай-күйіне ерекше мән беріп,

әрқашан уақытылы бақылап, техникалық қызмет көрсетуді өз деңгейінде жүзеге асырып келеді. Ұзақ жылдық мінсіз қызметінің нәтижесінде бірнеше мәрте марапаттарға ие болған.

Нұрболат Рысбеков – шекара қызметіндегі адал еңбегімен, кәсіби біліктілігімен және адами қасиеттерімен ерекшеленетін тұлға. Ел тыныштығы мен қауіпсіздігі жолында аянбай қызмет етіп жүрген мұндай азаматтар – нағыз Отан қорғаушылардың бейнесі.

Майор Р. АСАДИЛОВ
«OS-ЧР». Сурет шекара басқармасынан.

МАМАНДЫҒЫМ МАҚТАНЫШЫМ

РАБОТА ПО ЗОВУ ДУШИ



Невозможно представить охрану государственной границы без слаженной работы кинолога и его верного помощника – служебной собаки. Это одна команда, способная быстро и решительно задержать нарушителя при любых условиях.

предотвратил проникновение контрабанды, оружия и наркотических веществ.

Одно из последних задержаний произошло совсем недавно: Нурлан вместе с Тези обнаружили и изъяли крупную партию марихуаны весом более шести килограммов.

– Служебные собаки незаменимы при охране государственной границы. У них выдающиеся обоняние и внимательность, которую невозможно заменить техникой. В некоторых ситуациях именно они первыми замечают опасность или находят спрятанные запрещенные вещества. Главное – установить с собакой взаимопонимание, доверие, и тогда она никогда не подведет, – подчеркивает младший сержант Н. Карабаев.

Сегодня Нурлан и Тези продолжают нести службу в одном строю, уверенно и слаженно охраняя рубежи Родины. Сложно представить государственную границу без слаженной работы этой боевой пары. А нам остается лишь пожелать Нурлану профессионального чутья, а Тези острого нюха.



Капитан А. ЖАНАЛИПОВ, «OS-ЧР».
Фото автора.

Как утверждают сами специалисты, стать кинологом можно только по зову души. Так считает и лучший кинолог пограничного управления по Каракиянскому району ДПС КНБ по Мангистауской области младший сержант Нурлан Карабаев.

Сегодня он служит в пограничном отделении «Акшукур» и по-настоящему гордится своей напарницей – немецкой овчаркой по кличке Тези, с которой работает уже четвертый год.

– Тези – собака с характером. Почти год она буквально испытывала меня на прочность: не слушалась, игнорировала команды, проверяла мою настойчивость. Но я не сдался. Сейчас

она понимает меня с полуслова, а я читаю ее с полувзгляда. Все результаты – это наш общий труд, – рассказывает Нурлан Карабаев.

Службу в пограничном ведомстве младший сержант начинал с должности пограничного контролера. Но, с первых дней всегда старался помогать кинологам в подразделении. Его увлеченность сразу заметило командование и направило на соответствующее обучение.

За плечами Нурлана более 16 лет службы, из них большая часть – в должности кинолога. За это время он с помощью своих четвероногих напарников задержал немало нарушителей,

БІР ДӘУІРДІҢ СИМВОЛЫ

2025 жылғы 27 шілдеде 103-ке қараған шағында Ұлы Отан соғысының ардагері, қос «Қызыл Жұлдыз», I дәрежелі «Отан соғысы», «Құрмет» ордендерінің иегері, Шекара қызметінің құрметті ардагері, отставкадағы полковник Николай Александрович Таратуниннің жүрегі соғуын тоқтатты. Мәңгілікке! Бұл – барша шекарашылар үшін орны толмас ауыр қаза! Николай Александрович – тұтас бір дәуірдің символы болатын.



...Біздің ардагер 1923 жылдың 28 сәуірінде Ярославль облысындағы-Починки деген шағын ғана ауылда дүниеге келді. 1941 жылы жетіжылдық мектепті аяқтағаннан кейін, екі ағасы мен әпкесі секілді ол да майданға ерікті болып аттанады. Өкінішке қарай, бауырлары мен әпкесі ұрыс даласынан қайтып оралмады. Сол кезде Николай бар болғаны 18 жаста еді.

Николай Александровичтің соғыс жылдарындағы әр қимылы қатер мен ерлікке толы. Ол Батыс, Сталинград және Бірінші Украин майдандарында шайқасты. Барлаушы болған ол жаудың саны мен техникасын білу үшін дұшпандардың тылына қаншама рет кіріп шықты десеңізші?!

Біз – журналистер ардагермен сұхбаттасу үшін аз кездескен жоқпыз. Осындай тамаша кездесулерде ақжарқын мінезді Николай Александрович барлаушылардың жанкешті қызметі жайлы естеліктерімен беліскенді жақсы көретін. Бізге де керегі осы...

– Бір жолы біз жау шебіне жасырын еніп, тек офицерді алып келуге бұйрық алдық.

Өйткені, ең құнды мәліметті офицерлердің ғана білетіні белгілі. Содан қолайлы «тіл» іздеуге кірістік. Оны табу да оңай емес. Бірақ мақсат сол ғой, өзен маңына білдірмей жақындаған біз немістердің көлігін көрдік. Өздері көп емес, төрт солдат пен бір офицер. Өзімізге де керегі осы еді. Офицерді қалдырдық та, қалғандарын жайратып салдық. Сосын аса мәліметті

«тілді» алып, өзіміздің адамдарға оралдық. Бірақ, мұнда сені енді жаңа тапсырма күтіп тұратын, - дейді абыз ата.

Ол ауыр жарақатты 1943 жылы Дон өзенінен өту кезінде алды. Тіпті өлім аузынан екі рет қайтып оралған. Иә, біз бұл туралы газетке, шекарашылар туралы кітапқа егжей-тегжейлі жазған едік.

...Жыл сайын өзінің ұлымен бірге

тұратын қарт майдангерді алдымен 28 сәуір – туған күнімен, содан кейін 9 мамыр – Жеңіс күнімен құттықтайтынбыз. Бұл – тіпті дәстүрге айналған. Тек шекарашылар мұнымен шектелген жоқ еді. ҰҚК Шекара қызметі Техника және қару-жарақтарды жөндеу басқармасының ұжымы ардагерді өздерінің қамқорлықтарына алды. «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігі де ардагермен үнемі байланыста болатын...

Тәңірдің әркімге берер лайықты жасы бар. Сол сағат ол үшін 2025 жылдың 27 шілдесі болды. Сөйтіп, ол дәл 103-ке қараған шағында өмірден өтті. Перзент есіріп, немере-шөбере сүйіп кетті. Айналасына қадірлі бола білді. Жолына кездескен ауыртпалық пен басынан көшірген қиындықтарына қарамастан ұзақ ғұмыр кешкен жандарды қазақ атамыз «Сүйегі асыл екен» дейді. 18 жасында майданға аттанып, ауыр жараланса да ол саптан шыққан жоқ. Жаяу әскерлердің училищесіне түсіп, оқуын бітірген соң шекараға жіберілді. Осылайша, ол бүкіл шекараны басып өтіп, Алматыға тұрақтап қалды. Алматыдай мейірімді қаланы сүйгені үшін...

Шекара соқпағына осылай тап болған Николай Александровичтің бүгіннен бастап, екінші өмірі басталды. Біз ардагерді тек Жеңіс күні ғана еске алумен шектелмейміз. Біз полковник Н.Таратунинді шекарашылардың шежірелі данагөйі ретінде еске алатын боламыз.

**Әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА,
«OS-ЧР». Сурет редакция
мұрағатынан.**

УШЕЛ В ПОСЛЕДНИЙ ДОЗОР...

23 июля не стало ветерана Великой Отечественной войны, радиста 88-го пограничного отряда НКВД, настоящего солдата, художника и Человека, имя которого знали и уважали в Костанае и далеко за его пределами – Андрея Яковлевича Шарова. Время остановилось для на отметке 98 лет.

Судьба Андрея Яковлевича – это не просто биография, а история эпохи, прожитая с достоинством. Родился ветеран в 1926 году в селе Бакуры Саратовской области. В 17 лет уйдя на фронт, молодой солдат оказался в самом центре партизанской войны на Западной Украине. Его рация была связующим звеном между бойцами и командованием. Он не просто передавал сигналы – он нес ответственность за жизни товарищей.

Один из тех боев он помнил до последних дней. Десять бойцов против сотни врагов, связи не было, надежда только на удачу. К счастью, маневренная группа успела придти на помощь, и бойцы выстояли.

После войны ветеран был в пограничных войсках до 1950 года. А затем гражданская жизнь в Костанае – мастерская вместо траншеи, картон вместо карты, палитра вместо оружия. Он рисовал не войну, он рисовал мир. Его картины были в каждой комнате. Там, где другие видели подоконник – он видел горизонт.

Андрей Яковлевич не любил громких слов, зато говорил по делу. Его дом всегда был открыт для гостей – школьников, курсантов, офицеров. В его словах была мудрость, в молчании – сила.

В последние годы рядом с ним была внучка – Наталья Сергеевна. Она не только заботилась о дедушке, но и стала хранительницей семейной памяти: фотографий, наград, фронтового блокнота.

«Дедушка был не просто героем. Он был стержнем. В нем всегда было больше света, чем боли», – говорит она.

Каждый год пограничники совместно с ветеранами и членами общественных организаций навещали Андрея Яковлевича, выражая признательность и уважение. На этих встречах не было пафоса. Было живое общение, связь между несколькими поколениями, искренние разговоры о службе, Родине, памяти.

Он был последним из своего боевого состава. Но его имя останется навсегда в списке памяти. Светлая память Андрею Яковлевичу Шарову – человеку, который рисовал мир, пройдя войну.

Старший лейтенант Н. САКЕН, «OS-ЧР».
Фото из архива семьи.



САПТАҒЫ ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТІҢ ТЕМІР ҚАФИДАСЫ

Әскери тәртіп пен заңдылық – кез келген мемлекеттің қауіпсіздігі мен тұрақтылығының басты тіректерінің бірі. Қарулы күштер мен арнайы құрылымдарда қызмет ететін әскери қызметшілердің тәртіпті сақтауы, заңды бұзбауы, өз міндетін адал атқаруы – ел мүддесіне қызмет етудің айқын көрінісі. Осы ретте құқықтық сауаттылықты арттыру, құқықбұзушылықтың алдын алу және әскери ортада әділдік пен заң үстемдігін қалыптастыру мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып отырады. Соның бірі ретінде Қызылорда гарнизонында өткен ведомствоаралық кеңесті атауға болады.

2025 жылғы 23 шілдеде ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен Қызылорда гарнизонының әскери прокуроры әділет полковнигі А.Б. Қасеновтің төрағалығымен ведомствоаралық кеңес өтті. Кеңеске гарнизонға қарасты әскери бөлімдер мен мекемелердің басшылық құрамы мен жауапты қызметшілері қатысты. Ведомстволық кеңеске Қызылорда облысын гарнизоны әскери бөлім командирлері және Қызылорда облысы

бойынша ҰҚК Әскери полиция бөлімі қатысты.

Кеңесте Қызылорда гарнизонында 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында заңдылық пен құқықтық тәртіптің орындалу барысы, сондай-ақ әскери қызметшілердің әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз ету мәселері жан-жақты талқыланды. Бұл кеңестің басты мақсаты – құқықбұзушылықтардың алдын алу, әскердегі қызметтік тәртіпті сақтау, әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің конс-



титутциялық құқықтарын қорғау.

Кеңес барысында «Әскердегі заң мен тәртіп» және «Цифрлық профилактика» атты ведомствоаралық бағдарламалардың іске асырылу жайы қозғалды. Әсіресе суицидтің, түрлі сипаттағы жарақаттардың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, қыз-

меттік міндеттерді сапалы атқару – басты назарда болды.

Кеңес қорытындысы бойынша әскери бөлімдер мен мекемелердің басшылық құрамына нақты тапсырмалар беріліп, әскери киім нысанын дұрыс кию, жол ережелерін сақтау, Әдеп кодексін бұзбау сияқты бағыттарда

тәртіпті күшейту тапсырылды.

Бұл жиын – тәртіп пен заң үстемдігін қамтамасыз етуде маңызды бас қосу болып, әскери ортада жауапкершілік пен мәдениетті арттыруға үлес қосты.

Аға лейтенант Ә. ТӨЛЕБАЙ,
«OS-ЧР». Суретті түсірген автор.

МАМАН

ЕҢБЕКПЕН ЖЕТКЕН БИІКТІК

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Автомобильдік және бронетанкілік техниканы жөндеу бөлімшесінің аға технигі сержант Асхат Жакенов – өз саласының үлкен тәжірибесі мен білімін жинақтаған кәсіби маман. Оның өмірі мен еңбек жолы өзгелер үшін үлгі. Асхат Маратұлы еңбекқорлығымен, табандылығымен және шеберлігімен мамандығы бойынша үздіктердің қатарында.



Целиноград облысы, Бурабай ауданы, Макинск қаласының тұмасы Асхат Маратұлы мектепті үздік үлгеріммен аяқтады. Қарағанды мемлекеттік университетінде «Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша білімін шыңдады.

Теориялық білімін практикада пайдалану мақсатында түрлі мекемелерде жұмыс жасады. Астана қаласында «Қазақ зауыты» мекемесінде пішінді бұйымдар жасаумен айналысты, сондай-ақ, Макинск қаласында телекоммуникация басқармасында және «Целина АГРО2»-да автоэлектрик болып қызмет атқарды.

2010 жылы 2468 әскери бөліміне мерзімді әскери қызметке шақырылған Асхат 2011 жылдан бастап

келісімшарт бойынша әскери қызметті жалғастырды. Оның кәсіби шеберлігі мен жоғары тәртіпке деген адалдығы әскери саладағы жетістіктеріне үлкен үлес қосты. Асхат Маратұлы автомобильдік техникаларды жөндеу және жинау тобының электрик-шебері лауазымында қызмет атқарып, өзінің білімі мен тәжірибесін шыңдай түсті.

Сержант Асхат Жакеновтың қазіргі қызметі – автомобильдік және бронетанкілік техниканың электр құрылғыларын жөндеу және қалпына келтіру. Ол өз ісінде тек техникалық біліммен шектелмей, үнемі жаңа технологияларды зерттеп, әртүрлі маркалы техникалардың электр сымдарын, ток сымбаларын, тесттерін зерттеп, қызметтегі жаңашылдықтарды енгізуде. Бұл оның жұмысының тиімділігін арттырып, жоғары сапалы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Оның шеберлігі мен еңбекқорлығы тек өз жұмысын ғана жетілдіріп қоймай, жас мамандарды тәрбиелеуде де үлкен үлес қосуда. Әрдайым тәжірибесімен бөлісіп, жас техниктерді қызметке баулып, шеберліктерін арттыруға қолдау көрсетуде.

Сержант Асхат Жакеновтің жетекшілігімен жұмыс істейтін команда – жоғары кәсіби деңгейдегі мамандар. Оның жауапкершілігі мен жоғары біліктілігі бөлімде үлкен беделге ие. Топ мүшелері әрқашан өз жұмысына деген адалдықпен, кәсіби деңгейде қызмет көрсетіп, техникалық қызмет көрсету саласында ең жоғары нәтижелерге қол жеткізеді.

Подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-ЧР». Сурет шекара басқармасынан.

ШЕКАРАШЫ ЖАНҰЯ

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» – БЕРЕКЕНІҢ БАСТАУЫ

Жаркент қаласының Орталық мәдениет үйі бұл жолы ерекше бір жылылық пен қуанышқа толы сәттердің куәсі болды. Мұнда ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасы, Қорғас шекаралық бақылау басқармасы, Инженерлік-техникалық бөлімі және Жедел техникалық бөлімнің әскери қызметшілері мен олардың отбасылары қатысқан «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы жоғары деңгейде өтті.

Аталған игілікті шара тек өнер сайысы ғана емес, сонымен қатар, отбасы мен әскери қызметтің үйлесімділігін дәріптеген рухани алаңға айналды. Байқаудың басты мақсаты – ел тыныштығы үшін тынымсыз еңбек етіп жүрген шекара сақшыларының отбасыларын құрметтеу, бірлік пен татулықты ұлықтау, отбасындағы тәрбиенің әскери өмірдегі орны мен маңызын арттыру болатын.

Байқауға қатысқан әр отбасы өзара түсіністік пен сенімнің, ұрпақ тәрбиесіне деген жауапкершіліктің үлгісін көрсетті. Олар ән айтып, жыр оқып, қолөнер бұйымдарын таныстырып қана қоймай, өздерінің бір шаңырақ астындағы жарасымды тірлігін, бірлігі мен ынтымағын танытты. Отбасылар ұлттық салт-дәстүрді сақтаудағы ізгілікті істерін, бала тәрбиесіндегі және өмірлік ұстанымдарын әсерлі жеткізе білді. Әр жанұя сахна төрінде өздерінше бір шағын «өмір кітабын» парақтап өткендей әсер қалдырды.

Жан-жақты әділ бағалау нәтижесінде: гран-при жүлдесімен Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының отбасылары марапатталды. Бұл отбасы өзара сыйластық пен рухани биіктіктің үлгісін көрсете білді. I орын – білімі мен өнері жарасқан Инженерлік-техникалық бөлімінің жанұясына бұйырды. II орын – шекара күзетінің алғы шебінде жүрген Қорғас шекаралық бақылау басқармасының отбасына табысталды. III орын – техника мен байланыс бағытында қызмет ететін Жедел техникалық бөлімінің намысын қорғаған шаңыраққа бұйырды.

Сахна төрінде өнер көрсеткен отбасылар – бірлік пен татулықтың, ата-аналық мейірім мен балалық сүйіспеншіліктің бейнесіне айналды. Әрбір жанұя өз тарихын, жүрек сырын айтып, көрермен жүрегінен орын алды. Әсіресе, балалардың мәнерлеп оқыған өлеңдері, ата-аналармен бірге жасаған көріністері, ән мен биден көрсеткен өнерлері көрерменнің көңілін толқытпай қоймады.

Байқау соңында қатысушы отбасыларға алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар табыс етіліп, жиналған жұртшылыққа мерекелік концерт тарту етілді.

Осындай тағылымды шаралар – тек қана ме-



реке емес, әскери қызметшілердің отбасылық өміріне деген қамқорлықтың, мемлекет тарапынан көрсетілген рухани қолдаудың белгісі. «Мерейлі отбасы» байқауы – ұлттық құндылықтар мен әскери борышты бір арнаға тоғыстырған, рухани тәрбиенің тұнығынан нәр берген маңызды шара.

Бұл көш әрбір көрерменге: «Отан – отбасынан басталады» деген ойды нақтылағандай болды. Отбасы берік болса, елдің іргесі де берік. Ал ел шебінде тұрған әрбір шекарашының артында мейірімге толы, махаббатқа негізделген осындай мерейлі отбасы тұрса – еліміздің келешегі кемел болашағы баянды болмақ.

Подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».
Сурет шекара басқармасынан.

«АНА ЖҮРЕГІ – САРБАЗ ҚАЛҚАНЫ»

Шекара тыныштығы – бұл елдің тыныштығы. 18 тамыз – еліміздің шекарасын қырағы күзетіп жүрген сарбаздар мен офицерлерге арналған күн. Бұл күн – тек әскери ерліктің емес, сондай-ақ әрбір ананың жүрегіндегі алаң мен үміттің де күні. Себебі шекарадағы әр сарбаздың артында алаңдап отырған ана бар. Сол аналардың үнін, уайымын, тілегін естіріп, олардың жүрегін тыныштандырып, ұлын Отан қорғауға аттандыратын аналарға рухани тірек болып жүрген жандар бар. Солардың бірі – Ақмола гарнизоны бойынша «Аналар жүрегі» ұйымының өкілі Фарида Мурахметовна.



бен ана, қоғам мен әскер арасындағы нәзік байланысты сөз еткен салиқалы сұхбатқа ұласты.

– «Аналар жүрегі» – бұл тек ұйым ғана емес. Бұл – ананың уайымы мен сарбаздың үмітін, қоғамның жанашырлығын біріктірген көпір. Ұйымның басты мақсаты – әскер қатарында жүрген жастардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың құқықтарын қорғау, ал аналарға психологиялық және құқықтық қолдау көрсету. Күн сайын түрлі жағдаймен хабарласып, көмек сұрайтын ата-аналарға нақты бағыт сілтеп, мәселені шешуге жол табу – осы ұйым өкілдерінің күнделікті міндеті, – дейді Фарида

Мурахметовна.

Оның айтуынша, ұйымға жиі қойлатын сұрақтар – сарбаз денсаулығы, бөлімдер мен бөлімшелер ішіндегі жағдай, байланыстың үзілуі немесе қызмет орнын ауыстыруға байланысты мәселелер бойынша туындап жатады. Мұндай кезде ұйым әскери бөлімдермен және жергілікті билікпен байланысып, ата-ананың алаңын сейілетін нақты қадамдар жасайды.

Ұйым тек шағым тыңдаумен шектелмей, рухани, мәдени іс-шаралар ұйымдастыру арқылы сарбаздардың ішкі дүниесіне де әсер етіп келеді. Бұл – жастардың патриоттық санасын арттырып,

әскери борыштың қадірін ұқтыруға бағытталған игі қадам. Жетім немесе ата-анасыз сарбаздарға қамқорлық танытып, қайырымдылық көмектер ұйымдастыру – ұйым қызметінің ажырамас бөлігі.

Бүгінде «Аналар жүрегі» ұйымы еліміздің барлық әскери құрылымдарымен – Қорғаныс министрлігі, Ұлттық ұлан, Шекара қызметімен бірлесе жұмыс атқарады. Осындай бірегей байланыстың арқасында көптеген мәселе оң шешімін тауып отыр. Әскер мен қоғам арасында сенім орнату – ұйымның басты жеңісі.

Фарида Мурахметовна бұл бағыттағы ауқымды жұмыстың бастамашысы, ұйымның бас-

шысы Лилия Юрьевнаға алғысын білдірді. Ол – республика көлеміндегі «Аналар жүрегі» кеңесінің төрайымы ретінде сарбаз тағдырын жүрегімен сезініп, аналардың үнін билікке жеткізіп жүрген қайраткер тұлға. Осындай жандардың арқасында әскерге жіберілген ұлдың артында тек алаң емес, үміт те, қолдау да қатар тұрады.

Ұйымның болашақ жоспары да үлкен үміт ұялатады. Психологиялық көмек орталығын ашу, құқықтық сауаттылықты арттыру жобаларын кеңейту, қайырымдылықты жүйелі түрде дамыту – қоғам мен әскери құрылым арасындағы байланысты нығайтатын маңызды бағыттар болмақ.

18 тамыз – Шекарашылар күні. Бұл күні біз тек шекараны күзетіп тұрған сарбаздарға ғана емес, олардың артында отырған аналарға да алғыс айтуымыз керек. Себебі әр сарбаз – бір ананың үміті. Сол үмітті аман алып қалу, оны қолдау – біздің де азаматтық борышымыз.

«Ананың жүрегі – сарбаздың қалқаны» демекші, бүгінгі бейбіт күннің өзі – аналар мейірі мен сарбаздар ерлігінің ортақ жемісі.



**Подполковник
Ж. КЕМЕЛ.
Суретті түсірген
қатардағы
Д. ҚУАНЫШЕВ,
«ОС-ЧР».**

ОТЧЕТ

РЕСПУБЛИКАНСКОГО ОБЩЕСТВЕННОГО ОБЪЕДИНЕНИЯ ВЕТЕРАНОВ-ПОГРАНИЧНИКОВ «ЗАСТАВА ТАРЛАНДАРЫ ЗА 2025 ГОД

В первом полугодии 2025 года в рамках оказания добровольной помощи для реализации целей и задач РООВ «Застава тарландары» от различных формирований Пограничной службы поступило 87 496 634 тенге, в том числе: Департамент ПС по обл. Абай – 1 000 000, ПУ по Маканчинскому району – 3 625 400, ПУ «Семей» – 1 230 099, ДПС по ВКО – 2 700 000, ДПС по Алматинской обл. – 8 554 500, ДПС по Жамбылской обл. – 2 674 000, ПУ по Кордайскому району – 4 065 000, ПУ «Жамбыл» – 3 716 640, ПУ по Меркинскому району – 2 922 435, ДПС по Кызылординской обл. – 6 462 000, ДПС по Мангистауской обл. – 6 843 000, ДПС по Атырауской обл. – 2 035 000, ДПС по Актюбинской обл. – 4 492 000, ДПС по ЗКО – 11 438 000, ДПС по СКО – 1 374 000, ДПС по Павлодарской обл. – 7 209 745, УПК «Астана» – 2 014 850, УПК «Алматы» – 4 346 340, УСК – 900 000, УРТВ – 1 955 000, УС «Жангизтобе» – 207 000, УС «Алматы» – 1 469 703, УС «Ақтау» – 417 822, РГУ ПС – 5 844 100.

Поступившие от Пограничной службы денежные средства были израсходованы строго в рамках уставных требований РООВ. Так, за первое полугодие 2025 года проведены следующие мероприятия с выделением денежных сумм из бюджета РООВ:

1) материальная помощь, выделенная из фонда Правления семьям умерших ветеранов – 670 500 тенге.

2) материальная помощь, выделенная из фонда Правления ветеранам и военнослужащим, в связи с возникновением тяжелых жизненных ситуаций – в 7 случаях (пять ветеранов и два военнослужащих ПС) на общую сумму 500 000 тенге.

3) оказание благотворительной помощи на общую сумму – 2 459 600 тенге: полковнику Рахимову С.Г. (На основании ходатайства руководства Пограничной службы, в связи с тяжелой болезнью и необходимостью срочной жизненно необходимой операции за рубежом – 1 000 000), средняя школа № 16 г. Астаны (Открытие военно-патриотического клуба «Жас шекарашы», оборудование кабинета на пограничную тематику – 1 459 600).

4) На сувениры и подарки в честь юбилеев и оказания спонсорской помощи пограничным формированиям в проведении различных совместных мероприятий – 4 982 000 тенге, в том числе: первый дивизион пограничных кораблей и катеров – 25-летие со дня образования (приобретение телевизора – 250 000), второй дивизион пограничных кораблей и катеров – 25-летие со дня образования (приобретение ноутбука – 250 000), ДПС по Туркестанской области – 25-летие со

дня образования войсковой части 2024 (приобретение дрона – 194 000), ДПС по Алматинской области – оплата услуг за выпуск книги, посвященной 5-летию истории ДПС по Алматинской области – 1 595 000, УВПД ПС – оказание помощи в организации мероприятий, посвященных выводу войск с ДРА и ОССБ с РТ (приобретение формы «афганка» для выступлений артистов – 140 000), оказание помощи в организации конкурса «Шекара аруы» и награждений победителей – 350 000, оказание помощи в обеспечении мероприятий 80-летия Победы в ВОВ – 500 000, оказание помощи в организации конкурса «Шекара мұрагері» и награждение участников – 350 000, УОиО ПС – оказание помощи по обслуживанию административного здания – 693 000, РГУ ПС – оказание помощи сборной ПС во вступительном взносе для участия в турнире по футболу – 660 000.

5) Организация и проведение мероприятий Правлением РООВ и структурными подразделениями РООВ, посвященных памяти воинов пограничников, погибших при выполнении интернационального долга в Афганистане, а также посвященных 80-летию Победы в ВОВ, на общую сумму – 1 093 560 тенге, в том числе: Костанайская область – участие в турнире, посвященного пограничнику интернационалисту

В. Ухабову – 81 000, Кызылординская область – организация турнира, посвященного пограничнику интернационалисту Б. Шалгинбаеву, погибшему в составе заставы от Панфиловского пог. – 251 000, Правление РООВ – организация и проведение турнира по бильярду среди ветеранов силовых структур и действующих военнослужащих ПС, посвященного 80-летию Победы в ВОВ, а также 15-летию образования РООВ – 761 560.

6) награждение членов РООВ и действующих военнослужащих ПС по приказу Председателя РООВ – 1 148 500 тенге, в том числе: к празднованию 8 марта – 78 человек на сумму 707 000 тенге, по итогам деятельности Правления – 2 человека на сумму 180 000, по итогам подготовки и проведения мероприятий, посвященных образованию 15-летия РООВ – 5 человек на сумму 230 000 тенге, в связи с достижением юбилейной даты – 1 человек на 31 500 тенге.

Благодарим весь личный состав за постоянную поддержку ветеранского движения и хотим заверить, что денежные средства, поступающие в фонд Правления, используются и будут использоваться строго на мероприятия в рамках уставной деятельности РООВ.

**Правление РООВ
«Застава тарландары»**

OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті
Меншік иесі: Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі
Редакцияның мекенжайы: Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63.
Телефондар: Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38
Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57
Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56
E-mail: smi_roogap@mail.ru
ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты: gov.kz/memleket/entities/shekaraknb

Бас редактор: Рахат Нурғалиев
Редактор: Азамат Муханов
Жауапты хатшы: Еркін Қайбуллин
Тілшілер: Жанар Кемел, Олжас Жақсылықов, Айдоң Киргизбаев, Диас Жамұхамбетов.
Меншікті тілшілер:
Алматы - Тамара Дәулетбаева
Атырау - Бауыржан Қожантай
Ақтау - Асхат Жаналипов
Ақтөбе - Жасұлан Шармаков
Талдықорған - Манарбек Қарекенов
Жамбыл - Асыллан Жексенбин
Шымкент - Рауан Асадилов

Қызылорда - Әкімжан Төлебай
Өскемен - Ғалымжан Бакетов
Семей - Ердоң Қайратай
Петропавл - Динара Утебаева
Павлодар - Гүлзада Садықова
Қостанай - Нұрасыл Сакен
Орал - Айжан Көлбай

Фототілшілер: Асхат Сәбиев, Өмірбат Айтәлі, Аян Қайыр, Диас Қуанышев, Айзат Нукешов.
Компьютерлік безендіру және беттеуші: Нұрхан Кабдулов
Корректорлар: Өркен Шопашев, Майра Касенова
Немірдің кезекші редакторлары: О.Жақсылықов, А.Киргизбаев

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы даталар мен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді.
Газетті есепке қою туралы № 1394-г күзлікті
2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі берген.
Газет "ОС-ЧР" әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.

Газеттің апталық таралымы – 2417 дана.
«Имприм» ЖШС баспаханасында басылды.
Астана қаласы, А.Жұбанов көшесі, 24/1

«Тарих – ұлттың жады» деген сөз бар. Ұлттық тарихтың алтын парақтарын ақтарсақ, Сыр өңірінің алар орны ерекше. Бұл өлке – ежелгі өркениеттер мен ұлы тұлғалар мекені. Сыр бойы – тек табиғи байлық пен мәдениет емес, сонымен қатар тарихтың терең тамырын сақтап қалған қасиетті жер.

Бүгінгі біздің тақырыбымыз – Сыр өңіріндегі тарихи маңызы бар орындар. Бұл өңір – сан ғасырлық тарих пен мәдениеттің тоғысқан қасиетті мекені. Қазақ даласының жүрегінде орын тепкен Сыр бойы – ұлт руханиятының алтын діңгегіне айналған жер. Сыр өңірі Орта ғасырларда аса ірі қалаларымен әйгілі болды.

Мысалға алсақ, Сығанақ – Ақ Орданың астанасы, Қазақ хандығының алғашқы орталықтарының бірі болған. Бұл қалада ел билеген хандардың ордасы тігілген. Отырар – адамзат өркениетіне үлес қосқан ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің отаны. Бұл қала кезінде ғылым мен білімнің, сауда мен мәдениеттің ошағына айналды. Жанкент – оғыз дәуірінің ірі орталығы. Бұл шаһарда оғыз билеушілері өмір сүріп, ұлы шешімдер қабылданған. Шірік-Рабат, Баланды, Бәбіш-мола сияқты археологиялық орындар – көне замандардың үнсіз шежірешісі.

СЫР – ТАРИХТЫҢ КУӘСІ



Сыр өңірінің тарихы – халқымыздың рухани қуатының, ұлттық бірегейлігінің көрінісі. Өткеннің өнегесі бүгінгі ұрпақтың бойында жаңғырып, елдің жарқын болашағына қызмет етуде. Қасиетті орындарды сақтау мен оларды келешек ұрпаққа аманаттау – ұлт алдындағы жауапкершіліктің көрінісі деп айтсақ қателескеніміз емес. Сыр өңірі – тек көне қалалармен ғана емес, сонымен қатар тарихи тұлғалардың кесенелері мен ескерткіштерімен де ерекшеленеді. Арыстан баб

кесенесі – VIII ғасырда өмір сүрген ислам дінін таратушы әулиелердің бірі. Бұл кесене Отырарға жақын маңда орналасқан және еліміздегі ең киелі орындардың бірі саналады. Бабай Түкті Шашты Әзиз, Есабай ата, Қылышты ата сияқты әулиелердің Сыр топырағында орын тепкен. Бұл жерлер халқымыздың дәстүрлі діни наным-сенімдерінің, рухани тарихының бір бөлігіне айналған. Сонымен қатар, Сыр өңірі Ұлы Жібек жолының маңызды бөлігі болды. Керуен жолдары


осы аймақ арқылы өтіп, Шығыс пен Батыс өркениеттерін жалғастырып отырды. Саудамен қатар, білім мен ғылым, мәдениет пен дін де осы жол арқылы таралды. Қалаларда медреселер мен кітапханалар ашылып, мәдени және рухани өмір дамыды. Бұл өлкеде Жанқожа батыр, Бұқарбай батыр, Алпамыс батыр сынды халық қорғандары дүниеге келді. Жанқожа Нұрмұхамедұлы – Сыр елінің отаршылдыққа қарсы күрестегі көшбасшы батыры. Бүгінде Қызылорда облысындағы шекара бөлімшесіне батырдың есімі беріліп, жас сарбаздарға үлгі ретінде насихатталуда.

Қорыта айтқанда сырдың топырағы – киелі. Мұнда туған батырлар, жыраулар мен ғалымдар ел үшін еңбек етті. Сыр елінің мәдениеті – жыраулық дәстүр, терме, күй өнері арқылы да ұрпаққа жетіп отыр. Сыр бойындағы әрбір тарихи орын – ел шежіресінің алтын парағы. Бүгінгі ұрпақ сол тарихты танып, болашаққа жеткізуге міндетті. Сыр өңірінің тағылымы – ұрпаққа өнеге, елге аманат. Осындай тарихи мұраларды зерттеу мен насихаттау бағытындағы мақалалар алдағы уақытта жалғасын табады.



**Аға лейтенант
Ә. ТӨЛЕБАЙ,
«ОС-ЧР». Сурет
ғаламтор желісінен.**

САРБАЗ ХАТЫ



ЖИ арқылы жасалған «Болашақ Шекарашы» тақырыбындағы сурет.
Қатардағы Д. ҚУАНЫШЕВ.